

Мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы Әкімдігінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 26 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 ақпанда № 9-4-135 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 05.01.2010 № 1 қаулысымен (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 14) тармақшасына, 8-бабының 4-тармағына, "Лисаков қаласының 2009 жылға арналған бюджеті туралы" Лисаков қалалық мәслихатының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 142 шешімін іске асыру" Лисаков қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 1403 қаулысына сәйкес, Лисаков қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаланың мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарында тәрбиеленушілердің мынадай санаттары тегін тамақтандырылсын:

- кедейшілік шегінде тұратын отбасылардың балалары;
- жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- көп балалы отбасылардың балалары;
- жан басына шаққандағы орташа табысы азық түлік себетінің құнынан төмен отбасыларының балалары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2009.07.28 № 402 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз) қаулысымен.

2. "Лисаков қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдарында ата-аналарына немесе олардың орнын ауыстыратын тұлғаларға мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдарында орны бар бір жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларға "Лисаков қаласының жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің анықтамалары және баланың мәртебесін растайтын құжаттар негізінде тегін тамақтандыруға жолдама берсін.

3. "Лисаков қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі", "Лисаков қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемелері берілген жолдамаларды есепке алсын.

4. Мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарының бюджетін қалыптастыру кезінде тегін тамақтандыруды ұйымдастыруға қаражат бөлсін.

5. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған іс-әрекетке қолданылады.

Лисаков қаласының әкімі

В. Полешко